


# Балаларға арналған Киелі кітап

## ұсынады

### Ишая болашақты көреді



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankzy

Шығаруши: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуга тиым салынған, кошірме жасауга  
немесе басып шыгаруға рұксат етілген.

Ишая пайғамбар болған. Оның жұмысы  
адамдарға Құдайдың айтқанын жеткізу болды.




Адамдар Құдайдың Сөзін тыңдауға әрқашан құлықты бола бермейтін, бірақ Ишая ешқашан Құдайды үятқа қалдырган емес.

Ишая төрт түрлі патша түсінде уағыздады.



3

Ұзиях патша Иерусалимнен Януда жеріне билік құрды. Алдымен Құдай Ұзияхты жарылқады, өйткені ол Жаратқанның көз алдында дұрыс істерді істеді. Бірақ Ұзиях өркөкіректеніп, Құдайға бағынуды догарды. Ол алапеспен ауырып, өле-олгенше жалғыз өзі тұруға тиісті болды.



4

Ұзиях патша 60 жылдан астам уақыт басқарды. Ол қайтыс болған кезде, оның ұлы Жотам орнын басып, он жеті жыл билік жүргізді. Құдай Жотамды жарылқады, себебі ол Құдайдың Ишая мен басқа пайғамбарлар арқылы айтқанына құлақ қойды.



5

Жотам патшаның ұлы Ахаз болды. Патшалық ете бастаған кезде, Ахаздың жасы жиырмада болатын, солайша ол Иерусалимде он алты жыл билік жүргізді.



6

Ахаз Құдай туралы еш қам жемеді. Ол жалған тәнірлердің мұсіндері мен құдайларға табынып, Құдайдың көп адамдарын да солай етуге итермеледі. Ишая оған ескерту жасаса да, Ахаз Құдайдың ескертулеріне құлақ салмады. Ол жасы небәрі 35-ке келгенде көз жұмды.



7

Құдай келесі патша Езекияны жарылқады, өйткені ол барлық жалған тәнірлер мен құдайлардың мұсіндерін жойып, шынайы Құдайға сиынды. Жау әскері Янудага шабуыл жасаған кезде, Езекия өзінің әскері жеңіске жетуге тым осал екенін білді. Ол Ишаядан Құдайдан көмек сұрауын отінді.



8

Ишая мына хабарды патшага жіберді: «Жаратқан Ие мұнаны айтады: мына жаудан қорықпандар... Мен оны құлатам...». Осыдан аз уақыт өткенде, Құдай жаудың әскерін Езекиямен соғыспастан кетіп қалуга мәжбүр етті.



9

10

Өзінің маңайындағы адамдар Құдай туралы аз ойласа да, Ишая Ол жайында көп ойлады.




«Мен кімді жіберсем екен?»  
Құдай аянда осылай сұрады.  
«Міне, мен бармын. Мені жібер», – деп жауап берді Ишая. Ол Құдай не сұраса соны істеуге, қайда жіберсе, сонда баруға дайын болды.



11


10

Бәлкім Ишая Құдай Өзі туралы естімеген алыстағы адамдарға жібереді деп ойлаған шығар. Бірақ олай емес. Құдай осылай еткен жоқ. Құдай Ишаяға өз халқымен өз елінде сөйлесу керектігін айтты. Ол оларға құнәлары үшін Құдайдың қаһарлы екенін айтуга тиісті болды.




12

Ишая өз халқына айтуга тиісті басқа да нәрселер болды: оларды құнәдан және барлық жауларынан құтқару үшін келетін құдіретті қүш Иесі болатын Адам туралы керемет нәрселер.




13

Еврей халқы сол Адамды Мәсіх деп атады. Құдай Мәсіхті жібереді деп күткендеріне қарамастан, көп адамдар Ол ешқашан келмейтін сияқты өмір сүрді.



14

**Ишаяның Мәсіх жайында айтқандарының бәрі оның кітабында жазылған.**



Ол осы нәрселерді олар болмaston бұрын жүзеген жылдар бұрын жасса да, Ишаяның Мәсіх жөнінде айтқандарының бәрі орындалады.

15

**Ишая Құдайдың Өзі белгі беретінін айтты. Ол: «Міне, пәк қызың ұл туады, оған Имануил**

**деп ат қоясың», – деді.**



**Адамдар Ишаяның Құдай жіберетін Мәсіх жайлы айтқанын білді, ейткені әйел адам пәк қызы бола тұрып, бала табуы мүмкін емес.**

**Онымен қоса Имануил деген есім «Құдай бізбен бірге» деген мағына береді.**


16

**«Себебі Сәби дүниеге келді, Бізгеосы Ұл берілді! Билік Оның қолында болады: Оған «Керемет, Кенесші, Құдіретті Құдай, Мәңгілік Эке, Тыныштықтың Әміршісі» деген ат қояды. Ишая Құдайдың уәделері орындалатынына сенімді болғаны соншалық, осы оқиға болып қойғандай етіп айтты. Бұл, «пайғамбарлық сөз» аталады.**



17

**Мәсіх тек еврей халқы үшін гана келуге тиісті емес еді. Құдай Ишаяга Мәсіхтің «құдайсыз халықтарға да нұр» болатынын айтты. Еврей еместерге осы дүниедегі еврей емес халықтардың бәрі жатады. Құдай бәрін де сүйеді, сондықтан Оның Ұлы Мәсіх барлығын жарылқап, жердің шетіне дейін құтқарылу әкелу үшін келеді.**



19

**Ишая Мәсіх ұлы болатынын, ұлы істер атқаратынын айтты. Құдай Ишаяға, сондай-ақ, Мәсіхтің азап шегіп өлтірілетінін адамдарға айтуды бұйырды. Ишая, мүмкін, Мәсіх қалайша ұлы эрі құдіретті бола тұрып, әлсіз әрі жаралы болады деп ойлаған шығар. Бірақ Ишая Құдаймен дауласпады: ол тек Өзіне Құдай айт деп бұйырғанды гана жеткізді. Құдай оның пайғамбарлық сөздері орындалуын қадағалайды.**



18

**Ишая болашақты қөреді**

**Құдайдың Сөзі –**

**Киелі кітаптан алынған әнгіме**

**Ишая 1, 6, 7, 9, 53**

**"Мәнісі ашылғанда сөздерін нұрын шашады."**

**Забур 119:130**

20



Соңы

27



60

21

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Құнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құннымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
құнәларымызды кешіре алады.

Егер сен құнәларыңан арылғын келсе,  
Құдайга былай де: Қектегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жана өмірге ие болып,  
кейін Сенімен мәнгі бірге болуым үшін мениң өмірім келе ғөр,  
менің құнәларымды кешіре ғөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сұруіме көмектесе ғөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты құнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

22